

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2023)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YPJZ1948>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.25.09

<https://doi.org/10.48081/XMNA1500>***Л. Ә. Ибраймова¹, Ш. Мұсатай², Б. Молдағали³**^{1,2,3}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: liraibraymova@gmail.com

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БРЕНД АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Тіл ұлттың болашағы, тіл арқылы «қазақтың» болмысы сақталатындығы белгілі. Сондықтан әрбір қазақ тілі маманы тілдің өміршеңдігіне ықпал ететін барлық факторларды ескере отырып, өз үлесін қосқысы келеді. Жас ұрпақтың ана тілінің табиғатын толық біліп шығуына көмектесетін, мектеп қабырғасында оқушының он бір жыл бойы оқитын незігі пәні, «Қазақ тілінің» алатын орны ерекше. Бұл мақалада «ұлттық құндылықтар, тілдің табиғи ерекшелігін, болмысын сақтауға көмектесетін түрлі тапсырмалар қазақ тілі оқулықтарында қамтылуы міндетті ме?» және оқушының бойында қалыптастыратын дағдылардан бөлек, құзыреттіліктердің ішінде лингвомәдени құзыреттіліктің қаншалықты қажеттілігі бар екендігі жазылған. «Ұлттық брендтер арқылы лингвомәдени құзыреттілікті арттырудың тиімділігі қаншалықты?» деген сұрақтарға да жауап ізделеді. Аталған мәселені шешуде теориялық талдау, салыстырмалы-тарихи және сипаттау әдістері қолданылды. Лингвомәдени құзыреттілікті дамыту үшін түрлі әдістер ұсынылды. Көнерген ұлттық атауларды да жаңғыртып, брендке айналдыру мүмкіншілігінің бар екендігін, ал бренд болу үшін ол заттың қолданысын күшейтіп, тиімділігі мен қажеттілігін көрсету керектігі жайында жазылады. Оқушының бойында ұлттық брендтер арқылы лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру тілдің жасампаздығы мен өміршеңдігіне және жас ұрпақтың ана тілінің құндылығын бойына сіңіріп өсуіне септігін тигізеді деген тұжырым жасалды.

Кілтті сөздер: ұлттық бренд, әдістеме, оқыту, лингвомәдени құзыреттілік, тіл.

Кіріспе

Лингвомәдени құзыреттілік – жаһандану кезеңінде жас ұрпақ үшін аса қажетті білімнің түрі. Ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, тілдің дамуына үлес қосқысы келетін кез келген тілші маман бұл құзыреттіліктен айналып өтпейді. «Лингвомәдени құзыреттілік жоғары деңгейде болса, коммуникативтік құзыреттілік еш кедергісіз, шапшаң қалыптаса бастайды» [1].

Лингвомәдени құзыреттілікті дамыту туралы жекелеген ғылыми зерттеулерде көп айтылады. Мәселен, Д. У. Дүйсабаева көптілділік дамыған қоғамда лингвомәдени құзыреттілікті дамытуды көкейкесті мәселеге жатқызады. Ол «лингвомәдениеттік құзыреттілік арқылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын сезеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады», – дейді [2].

Лингвомәдени құзыреттілік әдетте екінші тілді меңгертуде оқу мақсаттарын құрған кезде көп қолданылады. Қазақ тілін ұлттық мәдени ерекшеліктерін ескермеген кезде сөйлеудегі қателер, әлеуметтік-мәдени сипаттағы қателер болатындығы туралы пікірлер бар. Лингвомәдени құзыреттілікті дамыту үшін авторлар мәтіндермен жұмыс жасауды ұсынады [3, 167].

Педагогикалық зерттеулерде лингвомәдени құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [4, 47]. Лингвомәдени құзыреттілікті зерттеу және анықтау лингвомәдениеттанудың жетістіктеріне негізделген – лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысында пайда болған, тілде көрінетін және бекітілген адамзат мәдениетінің көрінісін зерттейтін ғылым [5,15].

«Лингвомәдени құзыреттілік» [6,56] термині әлі де ережелік қағидатта қалыптаспаған және мектептер үшін белгіленбеген. Осы уақытқа дейін бұл құзыреттіліктің әртүрлі атауларын әдістемелік әдебиеттерден танып келдік: мәдениеттану, әлеуметтік-мәдени, этномәдени. Алайда, бұл құзыреттіліктің атауы емес, оның тақырыбына «басқа» көзқарасты білу, яғни «мектептегі тілдің мағыналы және формальды жақтарын зерттеудегі арақатынасты түбегейлі өзгерту», «тілді таза грамматикалық схема ретінде қабылдауға үйрету». Бірақ философияның, тарихтың, рухани мәдениеттің ғасырлар бойы басылған феноменальды жақтары ретінде жалпы халықтық мүддеден ажырамайтын ұлттық бірлік екендігін қабылдауымыз керек [7, 41].

Тілдік және мәдени дағдыларды дамыту қазіргі мектепте қазақ тілін оқытудың маңызды міндеті болып табылады. Оқытудың мақсаты да – жаңа

тәжірибені игеруде оқушылардың өзіндік іс-әрекетін дамыту. Сол тұрғыда, ана тілін білуді жақсартуға деген ұмтылыстың ең маңызды қозғаушысы – бұл ұлттық тіл тек оқу нышаны ғана емес, сонымен бірге мақтаныш нысаны екенін біртіндеп түсіндіру [8,18]. Тілді дамыту бойынша тәрбие жұмысының негізі қазақ тілін толыққанды игеру және сол арқылы тарихи мұраларымыздың маңызын айқындау болуы тиіс. Оқушылар қазақ тілі ұлттық мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын ең құнды ұлттық қазына екенін түсінуі керек [9,8]. Осылайша, білім беру стандартының мазмұны тек емле мен тыныс белгілерін үйретуге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың тілдік және рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталғандығына баса назар аудару қажет.

Тіл өсіп келе жатқан адамның хабардарлығын арттыруда шешуші рөл атқарып қана қоймайды, ең алдымен оны мәдениетке біріктіреді. Осылайша, лингвомәдени құзыреттілік тілді және лингвистиканың негіздерін практикалық меңгеруді ғана емес (тілдік, коммуникативтік, тілдік құзыреттілікті қалыптастыру), сонымен қатар оқушылардың танымдық-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ «елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуды және өзінің жеке өмірін табысты ұйымдастыруды; қарым-қатынас мәдениетін, оқушылардың мінез-құлық мәдениетін ілгерілетуді басты ұстаным етіп алады [7, 87]. Тілдік және мәдени мәселелерді шешу және ана тілін мәдениет негізінде оқытатын оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру мақсатына жету үшін мыналарды қалыптастыру қажет [10,95]:

– лингвистикалық және мәдени білім сананың лингвистикалық түрінде көрінетін жалпыланған тәжірибе ретінде (жеке сөздер, сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, әдеби және өлкетану мәтіндері түрінде). Тілдік және мәдени дағдыларға мыналар жатады: елдің (өңірдің, қаланың, ауылдың, көшенің) тарихын білу, халықтың (өңірдің) салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын білу;

– лингвомәдени дағдылар білім алушының алған теориялық білімі мен тиісті дағдыларын пайдалану қабілеті ретінде, мысалы: талдау қабілеті.

Дәл осы талданған лингвомәдени түсінікті ұлттық таным негізінде тани алатындығымыз анық.

Ұлттық таным мен тағылымды оқушының бойына ұялату үшін, оның ұлттық болмысын қазақыландыру және сол халықтық мүдде хақында сауаттындыру өте маңызды болып табылады. Халықаралық Юнеско қоры тізіміне қазақ халқының 4 мәдени мұрасын енгізілді. Десе де, мамандар «ұлттық бренд түрі мұнымен шектелмейді [11]», – деген пікірде. Тек оларды нарыққа лайықтап, табыс көзі ретінде пайдалануымыз керек. «Ұлттық

бренд» деген сәтте ойымызға қасиетті қара домбыраның күмбірі - күйшілік, жыраулық өнер, ақсүйек, көкпар, теңге алу сынды ұлттық ойындарымыз, ет, бауырсақ, құрт, қымыз сынды тіл үйіретін тағамдарымыз түсетіні анық.

Сесиль ДЮВЕЛЬ, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларды сақтау Конвенциясының хатшысы: «Материалдық емес құндылықтар - аты күрделі болғанымен, мағынасында қарапайым тарих тезінен өткен мұралар көзделеді. Бұл тұтас ұлттың мәдени сәйкестілігін, тарихын, әдет-ғұрпын айшықтайтын әдістер», – деп тұжырым жасай отырып, ұлттық брендтік категорияны екшелей түскен болатын [11]. Демек, ұлттық брендтерге материалдық емес ұлттық мұраларды да жатқызуға болады.

Сонымен, ұлттық бренд дегеніміз – елдің, тұтас бір ұлттың келбеті, ұлттық жарнамасы. Ол сәулет немесе киім үлгісі, туризм немесе халық мәдениеті болып саналады. Ең бастысы – олар өтімді, сұранысқа ие болу керек.

Мақала аясында брендтік атаулар мен елтанымдық құндылықтарымызды лингвомәдени құзыреттілік қалыптастыруда қолдану, оларды салыстыру, «көнере бастаған лингвомәдени атауларды бренд ретінде жаңғыртуға бола ма? – деген деген сұраққа жауап іздеу қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жүргізу барысында отандық және шетелдік ғылыми пікірлер және арнайы әдебиеттерді, зерттелетін проблеманың теориялық және практикалық зерделенуіне теориялық талдау жүргізілді. Көне атауларға салыстырмалы-тарихи зерттеу жасап, оларды топтастырып, жүйелендірілді.

Мақалада мектеп оқушыларына қазақ тілі сабағы кезінде лингвомәдениеттанымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін кейбір педагогикалық әдістер ұсынылды. Атап айтқанда, топтық жұмыс, еркін ассоциативтік талдау т.б. Еркін ассоциативтік талдау психолінгвистика, когнитивтік лингвистиканың негізгі әдістері ретінде саналғанмен, оны оқу үдерісінде де пайдалану өте тиімді. Оқу үдерісінде бұл әдісті «миға шабуыл» немесе «ақыл-ой картасы» әдістерімен алмастыруға болады. Оқушылардың танымдық түсініктерін қалыптастыру, көрнекі-кимылдық ойлауды және шығармашылық ойлауды дамыту, біріктіру, топтастыру, бөлу және ойын жағдайларында қолдану, командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру және т.б. әдістер лингвомәдениеттанымдық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі тиімді әдістер қатарына жатқыза аламыз.

Нәтижелер және талқылау

Әр түрлі ұлттық мәдениеттердің шекарадан асып, қоғамдық үрдіске араласқан ағынында өмір сүрген сайын, ұлттық ұстанымның әлсіз тұсы ақсап, жаңашылдықта танылуына кедергі боларлық орта қалыптасатыны

анық. Бірақ, бұл ұлттық тарихи мұрамызды менсінбеуге жетерлік факт емес. Өткеннің жәдігерін ұмытып, «өзгенің қансығына таңсықпен қарайтын» хәлде болу - қаншалықты дамыған мемлекет болсақ та, елдігіміздің еңсесін толық қауқарлы етуде сыр алдыратын тұсымыз болмақ. Сол себепті, әрбір жаңадүниені игеруді қолға алған сайын, оның бұрынғы қазаки сипатына назар салу, атауының астарындағы өзіндік болмысын, бояуын жазбай тану заңды құбылыс.

Тарих ғылымдарының докторы Әзімбай Ғали: «Біз тауарды бренд қылуымыз керек, қазақтың ішкені жегені емес, біз өткізгіміз келетін тауардан ұтымдылық жасауымыз қажет. Алайда, «ұлттық салт-дәстүрімізді брендке емес, трендке айналдырып алуымыз мүмкін», [11]– деп алаңдайды ғалым. Яғни бренд – нарыққа сай, сұранысқа ие болатын тауар не қызмет т.б. Кей жағдайда табиғилығынан айрылып, жасанды жолмен өзгеріске ұшырауы мүмкін. Оны «қайта жаңғырту» деп те айтады. Мәселен, қазақтың қымызының емдік қасиетін байқаған немістер оны дәріханаларда дәрі ретінде сата бастаған.

Ұлттық брендтік атауларды таныту оқушының бойына лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етері анық. Себебі, әрбір оқылған көркем әдеби шығарма немесе жалпы тілдік байланыстардағы мәдени атаулардың шығу тегі мен маңызын ұғына алу, оның ұлттық танымды жетік игеруіне ықпал етпек.

Қоғамның прогрессивті және серпінді дамуы жағдайында білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа парадигматикалық тәсілдері барған сайын танымал бола түсуде. Олардың бірі – жоғарыда атап өткен «құзыреттілік». Көптеген зерттеушілер білім, дағдылар мен тәжірибе адамның құзыреттілігін анықтайды және оларды жұмылдыру қабілетті, білімді, кәсіби табысты адамның мүмкіндігін одан әрі қалыптастыра түсуіне түрткі болатынын анықтауда. Бұл қазіргі білім беру мәселелерін шешуге және оны қоғамның қажеттіліктеріне бейімдеуге бағытталған білім беру сапасын таңдау мен бағалауда өзектілікті табуға жол ашатын бірінші аргумент болмақ.

Зерттеу жұмысында 9-сынып оқулығының лексикалық мазмұнын зерттеу нысаны етіп алынды. Ондағы мақсат – мектеп бағдарламасында елтанымдық, брендтік дүниелердің қамтылу аясы мен оны оқушылардың ұғына білу мүмкіндіктерін зерделеу болды.

Арман-ПВ баспасынан жарық көрген 9 сыныптың Қазақ тілі оқулығында жалпы ұлттық мәдени саладағы дүниелер мен елдік даму көрсеткішіне әсер ететін және брендтік ұғымдар қамтылған [12]. Мысалы, мәңгілік ел идеясының шығу тегінен бастап, оның маңыздылығы мен маңызы, Қазақстанның жаңғыру жолындағы тәуелсіздік пен ұлттық құндылықтар

және Астана, бәйтерек сынды ұлттық брендтік атаулар өте жиі қозғалған. Олардың (мәңгілік ел идеясы) Абай мен Шоканның, Мұстафа мен Әл-Фараби түсінігінде берілу сипатына шолу жасалған. Сол арқылы қазіргі қоғамдық өркендеу жолын нұсқайды. Тарихпен үндесе отырып, Күлтегін мен Білге қаған, Алаштың ардақтылары, қазақтың кең байтақ отанына дейін қамтылған бұл оқулық оқушының ұлттық мұраны тануына жол ашатыны анық. Көп жағдайда жаһандық мәселелер мен отандық даму сатысындағы жолдың бүкпесіздігі қуантқанымен, көнерген, архаизмге айналуға жақындаған ұлттық кодтарымыз назардан тыс қалуда.

Сонымен қатар, бұл мектеп бағдарламасында оқытылып отырған 9-шы сыныпқа арналған қазақ тілі оқулықтарын оқып отырып, ондағы Ахмет Байтұрсынов бастап қалыптастырған өзіндік ғылыми түсініктер, қазақи танымдық ақпараттар аз. Оқушылар этномәдени атаулар мен елтанымдық ұғымдарды, киімінен бастап, күнделікті құрал-жабдық, аспаптар мен үй жабдықтарына дейінгі өзіндік ерекшелігіміздің байырғы қолданысын осы пән негізінде танытса, бек жақсы болар еді. 9-сынып оқулықтарында қамтылған «Табиғат ресурстары», «Әйел құқықтары», «Жаһандық проблемалар» оқушының ойлау кеңістігін кеңейтіп, көзқарас шеңберін ұлғайтуға мүмкіндік туғызатыны анық. Әйтсе де, бұл тақырыптарды арнайы негіздеп, бекітетін ғылыми ақпараттық алаңдар аз емес. Ал, оқушыларға елтанымдық атауларды қазақ тілі пәні арқылы үйрету өте қолайлы. Сол себепті озық ілімді игертер жан-жақты даярланған бағдарламалық мәліметтер көп заманда, балалардың өз шығу тегіндегі кей атауларды тануда сауатсыздыққа бой алдыруы мәселе етіп қарауға тұрарлық. Баланың санасын ұлттық тағылымға жетелейтін қазақ тілі пәнінде ұлттық брендтік, елтанымдық аспектілерді меңгеруге арналған арнайы тақырыптың болмауы, оқушылардың тарихи мұраны тануына үлкен кедергі жасайтыны анық.

Қазақ халқы әрбір адамның жас ерекшелігі мен қоғамдық орнына сәйкес, оның өмір сүруі мен атқарар қызметіне дейін ыңғайлы тұрғыда ойластыра отырып, тұтынатын заттарына түрліше айдар таға білген. Тіпті оны әсемдейтін бұйымдарына дейін, өзгеше сарындағы өзіндік бір біріне ұқсамайтын даналықпен ұйымдастырылған атауларға кез боламыз. Соның бірі – қазақтың мұңы мен сырын, тарихы мен тағылымын кешегіден бүгінге жетуіне түрткі болып келе жатқан аспаптары. Оның өзі қазіргі уақытта онның бірі ғана білетін тарихи таныс емес сөздік қор болып қалыптасып барады. Мысалы, кезінде аңшылардың белгі беру құралы ретінде қолданылған, үрмелі аспапқа жататын «бұғышақ» аспабы [10, 66]. Дабылға ұқсас келетін «даңғыра», «шындауыл» – қазақша барабан, ескерту құралы ретінде қолданылған.

Қазақ халқының ұлттық киімдері ғана емес, оны әшекейлермен сәндеудің өзіндік жөні бар. Ұлттық киіміміз жайлы М.А.Леваневский қазақтың кез келген кәсіпке қабілеттілігіне сүйсініп, әсем бұйымдарына таң қалып, «қазақтың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ыңғайлы [13,31]» деп жазған екен бір естелігінде.

Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, олардың күнделікті қолданылатын киім киістері де дәл сол тұрмыстық ахуалға сәйкестендірілген. Сонымен қатар, көрегенділіктің бір белгісі ретіндеқандай да болмасын киімде оның жас ерекшелігі қатты ескерілген. Соның ішінде, бас киімдерді алатын болсақ, ол қыздың тұрмыс құрмағанын немесе жаңа түскен келін екендігін, тіпті жесір қалған әйел болса да оны айшықтайтын өзіндік белгілері қоса ұйымдастырыла безендірілген. Ондағы мақсат – ым-ишарамен-ақ, түсінісе алатын халықтық болмыс үшін оның қай жастағы немесе қандай ахуалдағы жан екенін жазбай тануға мүмкіндік туғызып отырған.

Мысалы:күндік [14] – егде әйелдер басына орай тартатын жаулықтың бір түрі. Жаулық [14] – тұрмыстағы әйелдердің тартатын бас киімі. Күндік пенжаулықтың лингвомәдени атауы бөлек болғанымен, қазіргі қоғамдық қабылдауы бірігіп кеткен. Яғни, жаулық тұрмысқа шыққан әйелдің бастарына салынатын ормалы болса, бүгінде күндікті тартып жүрген егде жастағы әйел адам емес, керісінше жаулықты орана тартқан орта жастағы апаларымызды байқаймыз.

Қазіргі уақытта сәнге айналған тақияның да (қыздарға арналған нұсқасы) өзіндік киілу, аталу, тіпті арнайы әшекейлермен көмкерілу тәртібі бар. Бір ғана бас киімнің түрі мен түсіне қарап-ақ, адамды тануы қазақ халқының кемелдігін білдіреді. Тақияның түрлері мен олардың мәнін білмей жатып, сән үшін еңбектеген баладан бастап, орта жастағы қыз-келіншектерге дейін біркелкі тақияны киіп алғаны – елтанымдық, мәдени сауатымыздың аздығынан. Ұлттық киімдерді орнымен киюді үйреніп және байырғы аттарын негіздеу арқылы қолдансақ, «тарылған тынысы кеңейе түсері» анық.

Жоғарыда аталған лингвомәдени атауларды оқушылардың түсініп, қабылдауы үшін мәтіндер арқылы, тарихи сөздердің мағынасын түсіндіру/түсіну негізгі әдістердің бірі болып саналады.

Үлгі:

*Брендтік немесе елтанымдық мұра: **Қымыз.** Қымыз – биенің сүтінен дайындалатын емдік сусын.*

Лингвомәдени құзыреттілік аясында оқитудың тиімділігі: Брендтік сусынымызды оқушыларға лингвомәдени тұрғыдан оқыту арқылы жеті қазынаға кіретін жылқы қадірінен бастап, ердің қанатына айналған

жануардың мәдениетіміздің басты символына айналуға ерекшелігін ұғындыра аламыз. Тіліміздегі әрбір жылқы малына орай айтылған нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер мен қанатты сөздерді талдауды ұсына отырып айшықтауға болады. Сол арқылы сүті де, еті де, халық үшін қызметі де балалардың түсігінде ерекше сипатқа ие болары анық.

Қолданылатын әдіс түрі: Топпен жұмыс, оқушылар әр сөздің мағынасын жеке тану арқылы таным көкжиегі кеңейіп, әр пайдалы дүниені біріктіре талдауды үйренеді.

Брендтік немесе елтанымдық мұра: **Күләпара** – қар, су өтпес үшін бас киімнің сыртынан тігілетін, брезеттен тігілген қосалқы бас киім.

Лингвомәдени құзыреттілік аясында оқытудың тиімділігі: Оқушылар ғана емес, үлкен адамдардың өзі қолдана бермейтін бұл елтанымдық затты брендке айналдыруға негіз бар. Жаңа, ерекше бұйым ретінде қайта жаңғыртып, қызықтыруға болады. Оқушыларға оқытудың пайдасы – тілдік нормасы мен ұлттық мәдени қолданыс аясының дәуірлік шегін зерттеп отырып, тарихи шегініс жасап, ұлттың өзіндік болмысын көрсете аламыз.

Қолданылатын әдіс түрі: еркін ассоциативтік талдау. Зерттеу, шығармашылық ойлау дағдыларын дамыта отырып, бұл бас киімнің үлгісін өз еріктерімен елестетуге және оны қағаз бетіне түсіруге мүмкіндік беру. Сол арқылы әр баланың қиялдау, сурет салу ерекшеліктеріне еркіндік сыйлау.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырып, елтанымдық қана сипатта қолданылып жүрген ұлттық нақыштарымызды брендтік дәрежеге көтеруге болады. Мысалы, күрт, бауырсақ, қымызбен шұбат, бүрмелі көйлек пен такия, домбыра мен қобыз және т.б. брендтік сатыда. Бұл аталған дүниелер – қазақи реңімізді айшықтайтын ұлттық құндылықтар.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР БҒМ БҒСБК 2021–2023 ж. мемлекеттік грантымен қаржыландырылған АР09259496 «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде менгерту» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Лингвомәдени құзыреттілікті оқушының бойына ұялату, коммуникативтік дағдының маңыздылығынан асып түспесе кем емес. «Өлсе де қабірінде дағыстанша сөйлеген» Расул Ғамзатов сынды, қазақ тілінің қарым-қатынаста негізгі тілге айналуы қаншалықты маңызды болса, тілдік норма мен сөздік қорда лингвомәдени атаулардың болуы да соншалықты қажеттілікті туындатуы тиіс.

Қазіргі уақытта ұлттық брендтік атаулар кеңінен насихатталып, бірақ, елтанымдық, дәстүр сабақтастығы мен өткен тарихи танымымызды нұсқайтын нақты этномәдени атаулар назардан тыс қалып келеді. Алайда

оларды да ұлттық бренд дәрежесіне дейін көтеріп, қайта жаңғырту мүмкіндігі бар. Ол үшін мектеп оқулықтарын даярлағанда, ұлттық брендтерге арнап лексикалық тақырыптар таңдалса, соның ішінде негізгі брендтермен қоса үйретуге әбден болады. Зерттеу жұмысында тек Арман-ПВ баспасының ғана 9-сынып Қазақ тілі оқулығына тоқталдық. Барлық оқу құралдарына шолу жасау келесі еңбектерде жарияланатын болады.

Тілдік қолданыстан шығып, ескірген атауларды жаңғырту рухани кемелденіп, ұлттық болмысымызды тануға көмектеседі. Сонымен қатар, олтілдің жасампаздығы мен өміршендігіне септігі тиіп, оқушылардың лингвомәдени, танымдық құзыреттілігін арттырып, ұлттық рухты бірге қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мынбаева, А.** Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде) [Мәтін] / Филос. док. (PhD) ... дис.: 6Д011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. – 198 б.

2 **Дуйсабаева, Д. У.** Болашақ қазақ тілі және әдебиеті мамандарын даярлауда лингвомәдени құзыреттілікті дамыту мәселесі [Мәтін] // Абылай хан атындағы ҚазХК және ӨТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – № 4 (55), 2019. – 67–73 б.

3 **Исаева, Ж. И., Оразбекұлы, Қ., Мухитова, Р. Б., Шериева, Г. Т.** Шетел студенттеріне қазақ тілін оқытуда мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру [Мәтін] // Ясауи университетінің Хабаршысы. – № 4. – 2019. – 161–171 б.

4 **Жайтапова, А. А., Картабаева, А. А.** Шетел тілін оқытудағы кәсіби бағытталған дискурсивті құзыреттілік (туризм мамандығы бойынша) [Мәтін]. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2021. – 248 б.

5 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Мәтін]. – Алматы, 2008. – 239 б.

6 **Шойбеков, Р. Н.** Етікшілік өнеріне байланысты кейбір атаулар [Мәтін] // Тілтаным, 2006. – № 3 – 89–97 б.

7 Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтама [Мәтін]. – Алматы : Аруна, 2010. – 654 б.

8 **Әбдуали, Қ.** Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. [Мәтін]. (Т. 1). – Алматы : Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.

9 **Қасыманов, С.** Қазақ халқының қолөнері [Мәтін]. – Алматы, 1969. – 267 б.

10 **Науанұлы, М.** Қазақтың ұлттық киімі [Мәтін] // Сыр мен сымбат. – № 5. – 2010. – 15–16 б.

11 **Алмауытова, Ә., Тоғысбаев, Е.** Ұлттық бренд (almaty.tv)07.12.2013. [Электронды ресурс] – <https://almaty.tv/kz/news-archive/news/lty-brend>

12 **Ермекова, Т. Н., Бертілеуова, К., Абишева, Р.** Қазақ тілі 9 сыныпқа арналған оқулық [Мәтін]. Арман-ПВ, 2019. [Электронды ресурс] – <https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/373/?kzgdz-book>

13 **Тәкішева, Г. Ә., Асанова, Б. Е.** Киімді модельдеу және көркемдік безендіру: Оқулық [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2008. – 106 б.

14 **Хинает, Б.** Шеберлік мектебі [Мәтін]. Ерке-Нұр, 2010. – № 3. – 44-45 б.

REFERENCES

1 **Мынбаева, А.** Filolog-mamandardynmadeni-tildikquzyrettiliginmatina rqulyqalyptastyru (jogaryoquornynankeiingibilimberujuiesinde) [Formation of cultural and linguistic competence of philologists through text (in the system of postgraduate education)] [Text] / Filos. dok. (PhD) ... dis.: 6D011700 – Qazaq tili men adebieti. – Almaty: AbaiatyndagyQazUPU, 2016. – 198 p.

2 **Duisabaeva, D. U.** Bolashaq qazaq tili jane adebieti mamandaryn daiarlauda lingvomadeni quzyrettilikti damytu maselesi [The problem of developing linguocultural competence in the training of future specialists in the Kazakh language and literature] [Text]. AbylaihanatyndagyQazHQ jane ATU Habarshysy «Filologiyalymdary»seriasy. – 2019. – № 4 (55). – 67–73 p.

3 **İsaeva, J. İ., Orazbekuly, Q., Muhitova, R. B., Sherieva, G. T.** Shetel studentterine qazaq tilin oqytuda madenietaralyq qatysymdyq quzyrettilikti qalyptastyru [Formation of intercultural competence in teaching the Kazakh language to foreign students] [Text]. İsaui universitetinin Habarshysy. – № 4. 2019. – 161-171 p.

4 **Jaitapova, A. A., Kartabaeva, A. A.** Shetel tilin oqytudagy kasibi bagyttalğan diskursivti quzyrettilik (turizm mamandygy boiynsha) [Professionally oriented discursive competence in teaching a foreign language (specialty tourism)] [Text]. Oqu-adistemelik qural. – Almaty, 2021. – 248 p.

5 **Mankeeva, J. A.** Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyq negizderi [Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 2008. – 239 p.

6 **Shoibekov, R. N.** Etikshilik onerine bailanysty keibir ataular [Some names related to the art of shoemaking] [Text] // Tiltany. – 2006. – № 3. – 89–97 p.

7 Qazaq madenieti ensiklopediialyq anyqtama [Encyclopedia of Kazakh culture] [Text]. – Almaty : Aruna, – 2010. – 654 p.

8 **Abduali, Q.** Qazaqtar ana tili aleminde: etnolingvistikalıq sozdik [Kazakhs in the world of their native language : ethnolinguistic dictionary] [Text]. (T. 1). – Almaty : Daik-Pres, 2009. – 780 p.

9 **Qasymanov, S.** Qazaq halqynyn qoloneri [Crafts of the Kazakh people] [Text]. – Almaty, 1969. – 267 p.

10 **Nauanuly, M.** Qazaqtyn ulttyq kiimi [Kazakh national costume.] [Text]. // Syr men symbat. – № 5. – 2010. – 15–16 p.

11 **Almauytova, A., Togysbaev, E.** Ulttyq brend (almaty.tv) [National brand (almaty.tv)] 07.12.2013. [Electronic resource]. – <https://almaty.tv/kz/news-archive/news/ltty-brend>.

12 **Ermeкова, T. N., Bertileuova, K., Abisheva, R.** Qazaq tili 9 synypqa arналған оқулық [Kazakh language textbook for Grade 9] Arman-PV, 2019. [Electronic resource] – <https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/373/?kzgdz-book>.

13 **Takisheva, G. A., Asanova, B. E.** Kiimdi modeldeu jane korkemdik bezendiru: Oqulyq [Modeling and artistic decoration of clothes: The textbook] [Text]. – Astana : Foliant, 2008. – 106 p.

14 **Hinaet, B.** Sheberlik mektebi [School of excellence] [Text]. Erke-Nur, 2010. – № 3. – 44–45 p.

Материал 10.03.23 баспаға түсті.

*Л. А. Ибраймова¹, Ш. Мұсатай², Б. Молдағали³

^{1,2,3}Қазақхский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.03.23.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ НАЦИОНАЛЬНОГО БРЕНДА

Язык – это будущее нации, через язык сохраняется «казахская» идентичность. Поэтому каждый специалист казахского языка хочет внести свой вклад, учитывая все факторы, влияющие на жизнеспособность языка. Особое место в стенах школы занимает предмет «казахский язык», который помогает подрастающему поколению полностью познать природу родного языка, который ученик изучает в течение одиннадцати лет. В данной статье рассматривается вопрос «Должны ли содержаться в учебниках казахского языка различные задания, помогающие сохранить

национальные ценности, природную специфику, бытие языка?» и помимо навыков, которые он развивает у учащегося, внутри компетенций написано, насколько необходима лингвокультурная компетентность. Также ищутся ответы на вопросы «Насколько эффективно повышение лингвокультурной компетенции через национальные бренды?». При решении данной проблемы применялись теоретический анализ, сравнительно-исторический и описательный методы. Для развития лингвокультурной компетенции были предложены различные методы. Подчеркивается, что для того, чтобы стать брендом, необходимо усилить его использование, продемонстрировать эффективность и востребованность. Сделан вывод о том, что формирование лингвокультурной компетентности у учащегося через национальные бренды способствует созданию и жизнеспособности языка и усвоению ценности родного языка подрастающим поколением.

Ключевые слова: национальный бренд, методология, обучение, лингвокультурная компетентность, язык.

**L. A. Ibraimova¹, Sh. Musatai², B. Moldagali³*

^{1,2,3}Kazakh National Women's Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 10.03.23.

THE IMPORTANCE OF THE FORMATION OF LINGUISTIC AND CULTURAL COMPETENCE THROUGH THE BRAND

The language is the future of the nation, through the language the «Kazakh» identity is preserved. Therefore, every specialist in the Kazakh language wants to contribute, taking into account all the factors affecting the viability of the language. A special place on the walls of the school is occupied by the subject «Kazakh language», which helps the younger generation to fully understand the nature of the native language, which the student has been studying for eleven years. This article examines the question «Should Kazakh language textbooks contain various tasks that help preserve national values, natural specifics, the existence of the language?» and in addition to the skills that it develops in the student, it is written inside the competencies how much linguistic and cultural competence is needed. They are also looking for answers to the question «How effective is the improvement of linguistic and cultural competence

through national brands?». Theoretical analysis, comparative-historical and descriptive methods were used to solve this problem. Various methods have been proposed for the development of linguistic and cultural competence. It is emphasized that to become a brand, it is necessary to strengthen its use and demonstrate its effectiveness and relevance. It is concluded that the formation of linguistic and cultural competence in a student through national brands contributes to the creation and viability of the language and the assimilation of the value of the native language by the younger generation.

Keywords: national brand, methodology, training, linguistic and cultural competence, language.

Теруге 10.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

7,38 Мб RAM

Шартты баспа табағы 21,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4033

Сдано в набор 10.03.2023 г. Подписано в печать 29.03.2023 г.

Электронное издание

7,38 Мб RAM

Усл.п.л. 21,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4033

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz